

# **Облыстық С.Жиенбаев атындағы жасөспірімдер кітапханасы**



**Электронды пошта: [labrari@mail.ru](mailto:labrari@mail.ru)**

**Сайт: [www.aktobeoub.kz](http://www.aktobeoub.kz)**

**Телефондары: 50-44-48;53-01-10.**

**Бейбішілік даңғылы,17.**

Кітаптан  
Соң  
Кітап

АСТУШКИН

«Хазушы»  
бапасы,





Алматы  
-1975

АЛТЫН ӘТЕШ  
ТУРААЛЫ ЕРТЕРІ

Суреткерің  
Сағат  
Алберт  
Зурбеев



ЕРТЕРІ ҒОЙ... АЛАЙДА,  
САБАҚ БОЛАР ТАЛАЙҒА!



А.С.Пушкин  
АЛТЫН  
ӘТРЕШ  
ПУРАЛЫ  
ЕРТЕРІ

Суреттерін салған  
Альберт Турсєв

«Хазушы» баспасы  
Алматы — 1975

Ерте, ерте, ертеде,  
Әйтеуір бір өлкеде,  
Дадон деген хан бопты,  
Қатігез бір жан бопты.  
Көршілерін қан ғылып,  
Салған екен сан бүлік.

Қартайғасын — амалсыз.  
Жау іздемей,  
алаңсыз  
Жатайын деп ойлапты;

Көршілері қоймапты.  
Күнде шұбап барыпты,  
Басына ойран салыпты.

Кетпесін деп жат жауға,  
Қожалығын сақтауға,  
Хан әскерін жиыпты,  
Қамалға әкеп үйіпті.  
Күнде дамыл көрмепті,  
Көрші маза бермепті.  
Күтіп тұрса оң жақтан,  
Лап қойыпты сол жақтан.  
Басқанда бір бүлікті,  
Теңіз жақтан тиіпті.  
Дадон әбден сасыпты,  
Берекесі қашыпты.

Даңқы жеткен алыстан  
Бар екен бір данышпан,  
Содан ақыл сұрапты,  
Аяғына құлапты.

Дадонға қарт келіпті,  
Хал-жағдайын көріпті.  
Қапқа қолын салыпты,  
Алтын этеш алыпты.  
«Тақсыр, — депті, — ұмытпа,  
Қондыр мұны сырыққа,  
Алтын этеш — сенімді,  
Күзетеді еліңді.  
Болса маңай тып-тыныш,  
Шығармайды түк дыбыс,  
Ел шетіне жау келсе,  
Бұрқыраған шаң көрсе,  
Жер қайысып, дүрлігіп,  
Жақындаса бір бүлік,  
Тік көтеріп айдарын,  
Бастайды этеш айғайын,  
Шақырады сілкініп,  
Жауға қарай ұмтылып».  
Хан қолпаштап қартыңды,  
Төкпек болады алтынды.  
Жаны жайнап, күліп хан,  
Дейді: «Мұныңды ұмытпан,  
Не тілесек — беремін,  
Айтқаныңа көнемін».

ТАҚСЫР,  
-АЕПТИ,  
-ҰНЫТПА,

ҚОНДЫҒ  
МҰНЫ  
СЫРЫҚҚА,



АЛТЫН  
ӘТРЕШ  
-СЕНИММІ

КҮЗЕМЕ-  
АІ  
ЕЛІҢАІ

Алтын этеш қырағы  
Ел күзетіп тұрады.  
Сәл бірдеңе сезілсе,  
Солай қарап,

өзінше

Жан ұшырып, жұлқынып,  
Қанат қағып, сілкініп,  
Басады да айқайға,  
Сездіреді — жау қайда.

Көршілер де жасқанып,  
Шаба алмайды бассалып.  
Жау желігін басады,  
Дадон даңқы асады!

Талай көктем шығады,  
Этеш үнсіз тұрады.  
Хан бір ызу-қиқыдан  
Атып тұрады ұйқыдан.

Қолбасының өзі кеп:  
«Тұр, ханием, тезірек, —  
Шықты, — дейді, — бір бүлік!»  
«Не боп қалды дүрлігіп? —  
Есінейді Дадон хан, —  
Ол кім өзі? Не болған?»  
«Этешің тұр айқайлап,  
Жатыр елді жау жайлап», —  
Дейді ханға зыр қағып.

Дадон кенет сұрланып,  
Қарайды ашып әйнектен,  
Этешінен жай кеткен,  
Шығыс жақты бетке алып,  
Зар илейді оқталып.  
«Тез! Тезірек! Шығысқа!  
Аттаныңдар ұрысқа!»  
Дадон ұран тастайды,  
Үлкен ұлы бастайды.  
Этештің де үні өшіп,  
Қалады хан бір өсіп.


Сегіз тәулік өтеді,  
Қол хабарсыз кетеді.  
Не болғанын білмейді,  
Дадон көзін ілмейді.  
Тағы да этеш зарлайды,  
Ханда зәре қалмайды,  
Жұмсайды жас баласын  
Құтқарсын деп ағасын.  
Тұрады этеш алаңсыз.  
Кетеді ол да хабарсыз!

Сегіз тәулік өтеді,  
Ел мазасы кетеді.  
Тағы да этеш зарлайды,  
Хан әскерін қамдайды.  
Өзі бастап, шығысқа  
Аттанады ұрысқа.

ТАҒЫ  
МА  
ӘТӘШ  
ЗАРДЫҒЫ



ХАН  
ӘСКЕРІН  
ҚАМДЫҒЫ



ӨЗІ  
БАСТАП,  
ШЫҒЫСҚА



АТТА-  
НАҒЫ  
ҰРЫСҚА




Күндіз-түні салдырып,  
Келеді әскер әл құрып,  
Иә, жау дейтін, қара жоқ,  
Ие, төмпешік, мола жоқ,  
Таң болады Дадон да —  
«Қандай жұмбақ бар онда?»

Сегіз тәулік өтеді,  
Биік тауға жетеді.  
Тау ішіне енеді,  
Жібек шатыр көреді.  
Шатыр маңы тып-тыныш,  
Естілмейді түк дыбыс.  
Тар шатқалда үйіліп,  
Жатыр әскер қырылып.




Шатыр жаққа келеді,  
Сұмдықты енді көреді!  
Дулыға жоқ басында,  
Қаруы жоқ асынған,  
Жатыр өліп ұлдары,  
Не құдайдың ұрғаны,  
Қанжарласып қалыпты,  
Бір-біріне салыпты.  
Жайлап еркін шатқалды,  
Жайылып жүр аттары.  
«Қос сұңқардан айрылдым,  
Қанатымнан қайрылдым,


ҚОС  
СҰҢ  
ҚАРМАН  
АҒЫЛАҒЫ



ҚАНАТҒЫ  
НАН  
ҚАЙҒЫЛА  
АҒЫ



СОҢҒИ  
КӨЗІН  
ШЫРАҒЫ!



АЕП  
ҚАМОН  
-ХАН  
ЖЫЛАҒЫ

Сөнді көзім шырағы!» —  
Деп Дадон-хан жылады.  
Естіп у-шу, зар-мұңды,  
Таудың іші жаңғырды.


Шатыр кенет ашылып,  
Маңайға нұр шашылып,  
Шамаханның жалғызы —  
Жарқыраған ақ жүзі;  
Ханды шығып қарсы алды,  
Хан ішінен тамсанды.  
Көзі түсіп көзіне,  
Не болғанын өзі де  
Білмей, естен айрылды,  
Ұмытты енді қайғыңды —  
Екі ұлының өлімін,  
Жел көтерді көңілін.



Қыздың жүзі құбылып,  
Хан алдына бүгіліп,  
Қолын ұстап жүреді,  
Шатырға алып кіреді.  
Құрметтейді сәнімен,  
Не бір ғажап дәмімен,  
Мамық төсек салдырып,  
Күтеді дем алдырып.  
Жас сұлуды құшады,

ЖАС  
СҰЛУМЫ  
КҰШАДЫ,

ҚОНІА  
КӨККЕ  
ҰШАДЫ,



ҚІРГЕНАЙ  
БІР  
ЖҰМАҚҚА,

ТОЙЛАМЫ  
ХАН БІР  
АПТА



Көңіл көкке ұшады,  
Кіргендей бір жұмаққа,  
Тойлайды хан бір апта.

Бір күндері жайқалып,  
Қалың әскер шайқалып,  
Жас сұлу бар жанында,  
Қайтады хан ауылға.

Дүрілдеп хан атағы,  
Хабар жетіп жатады.  
Елі мәз боп жар салып,  
Қақпа алдынан қарсы алып,  
Жүгіреді кимелеп,  
Күйме артына үймелеп.  
Мейірленіп хан бүгін,  
Құттықтайды барлығын...

Кенет топтың ішінде  
Аққудайын пішінде,  
Ақ қалпағы басында,  
Ақ таяғын асынған  
Қарт данышпан келеді,  
Дадон соны көреді.

«Халің қалай, қарт бабам,  
Тілегіңді айт маған!  
Жақынырақ кел, — дейді, —  
Не тілейсің сен», — дейді.


«Тақсыр! — дейді данышпан, —  
Серт беріп, қол алысқан,  
Досым едің сен менің,  
Алдыңа алғаш келгенім,  
Не тілесек, беремін,  
Айтқаныңа көнемін, —  
Деген едің өзің де,  
Тұрам деп ең сөзімде,  
Сыйла маған жалғызың —  
Шамаханнның хан-қызын...»

Ханды ашу кернейді,  
«Не деп тұрсың сен? — дейді, —  
Алжыдың ба, байғұсым,  
Жын қаққаннан саумысың?  
Миың ашып кеткен бе?  
Танғаным жоқ серттен де,  
Әр нәрсенің орны бар,  
Қызда нең бар, сорлым-ау?  
Кім деп жүрсің сен мені?  
Тап осының жөн бе еді?  
Қазынамды ал қарайған,  
Орын таңда Сарайдан.

Жартысын ал жерімнің!» —  
«Қажеті жоқ оныңның!  
Сыйла маған жалғызың —  
Шамаханнның ақ жүзін!» —  
Шал тұрады сұрланып,


«ЖАРТЫСЫН  
ДА  
ЖЕРІМ-  
НІҢ!»

«КАЖЕТИ  
ЖОҚ  
ОНЫҢ-  
НЫҢ!»



«СЫЙЛА  
МАҒАН  
ЖАЛҒЫ-  
ЗЫҢ!»

«ШАМА-  
ЖАННЫҢ,  
ЖАН-  
ҚЫЗЫН!»





Хан тұрады жынданып:  
«Олай болса, құның жоқ,  
Саған берер түгім жоқ,  
Жолама енді бұл маңға?  
Жоғал, тірі тұрғанда!»  
Қайтпайды шал бірақ та,  
Хан мұндайға шыдап па,  
Аса таяқ сарт етіп,  
Құлайды шал жалп етіп,  
Сол жатқаннан тұрмайды,  
Батады елге бұл қайғы.  
Қыз күледі қарқылдап,  
Сайқалданып, саңқылдап!  
Хан құшақтап ғашығын,  
Сездірмейді ашуын.  
Кіреді олар қалаға,  
Осы кезде ауада  
Келеді Әтеш қалықтап,  
Көреді жұрт анықтап.  
Тура самғап келеді,  
Хан үстіне төнеді.  
Қақ шекеден бір шұқып,  
Көзден жасын ыршытып,  
Жоқ болады жұмбақтай,  
Құлайды хан тіл қатпай.  
Қоршайды оны халық кеп,  
Кетеді қыз ғайып боп.  
Ертегі ғой... алайда  
Сабақ болар талайға!


ЖОҚ  
БОЛАДЫ  
ЖҮМБАҚ-  
ТАЙ.



ХАН  
ҚҰЛАЙЫ  
ТІЛ  
ҚАТПАЙ.



ҚОРШАЙ-  
АЫ ОНЫ  
ХАЛЫҚ  
КЕП,



КЕТЕМІ  
ҚЫЗ  
ҒАЙЫП  
БОП.



БАЛАЛАР МЕН ЖАСТАР ӘДЕБИЕТІНІҢ  
БАС РЕДАКЦИЯСЫ

Аударған *Сағи Жиенбаев*

П  $\frac{70801-227}{402(07)-75}$  151—75

© «Жазушы», 1975.

Для детей дошкольного возраста

АЛЕКСАНДР СЕРГЕЕВИЧ ПУШКИН

СКАЗКА О ЗОЛОТОМ ПЕТУШКЕ

(На казахском языке)

Редактор *Ануар Дүйсенбиев*

Художник *А. Гурьев.*

Худож. редактор *Б. Табылдиев.*

Техн. редактор *М. Злобин.*

Корректор *Т. Абдрахманова.*

Сдано в набор 21/V-1975 г. Подписано к печати 8/VII-1975 г. Бумага офсетная.

Формат  $84 \times 90^{1/16}$ —1,0 п. л. 1,3 усл. п. л. (1,7 уч.-изд. л.) Тираж 50000 экз.

Цена 12 коп.

Издательство «Жазушы» г. Алма-Ата, 480091, проспект Коммунистический, 105.

Заказ № 882. Полиграфкомбинат Главполиграфпрома Госкомитета Совета Министров КазССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.